

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы Қырымбет ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қыркүйекте № 6530 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 – бабы 8) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының 2020 жылғы 04 тамыздағы № 09-08/243 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қырымбет ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қырымбет ауылдық округінің Сокологоровка ауылында Целинный көшесіне құтыру ауруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Қырымбет ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 11 маусымда № 5 шешімінің күші жойылды деп танылсын (2020 жылғы 16 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық түріндегі банкінде электрондық түрінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6359 болып тіркелген).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Қ. Беркінәлі*